
HIPER

# HIPER электросамокаты
# HIPER Slim VX560

Пайдаланушының нұсқаулығы
v 1.0

hiper-power.com



4809943

**Құрметті сатып алушы, сізді HIPER электросамокатын сатып алғаныңыз үшін құттықтаймыз!**

HIPER электросамокаты - бұл жоғары технологиялық өнім, ол аккумуляторлық батареялардан қуат алатын электр қозғалтқышының көмегімен жүргізіледі.

Самокаттың электр қозғалтқышы жоғары жылдамдықпен ұзақ уақыт жүру мүмкіндігін береді, ал аккумулятордың заряды таусылғанда электросамокатты кәдімгі самокат ретінде оңай пайдалануға болады.

Жинақылығы мен жиналу мүмкіндігі арқылы HIPER электросамокатын тасымалдауға, соның ішінде қоғамдық көлікпен де тасымалдауға оңай болады.

## Маңызды!

Сіздің HIPER электросамокатыңызды қауіпсіз пайдалану үшін пайдаланушының нұсқаулығын мұқият оқыңыз.

Осы пайдаланушының нұсқаулығындағы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Электросамокатты пайдаланғанда осы нұсқаулықта сипатталған ережелер мен қағидаларды мүлтіксіз орындаңыз.

Ең өзекті ақпаратты сіз мына сайттан таба аласыз: hiper-power.com

**Жеткізу жиынтығы**

- Электросамокат
- Зарядтау құрылғысы
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық
- Кепілдік талоны

---

Жиынтыққа кіретін аксессуарларды пайдалану ұсынылады. Өндіруші басқа өндірушілердің аксессуарларымен үйлесімдікке кепілдік бермейді және жеткізілім жиынтығына кірмейтін аксессуарларды пайдалануынан туындаған кез келген салдары үшін жауапкершілікті көтермейді.


# Пайдалануды бастар алдында

Электросамокатты пайдаланар алдында осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты толығымен оқып танысуды қадағала ұсынамыз. Осы нұсқаулықта электросамокатты барынша ыңғайлы және қауіпсіз пайдалану үшін монтаждау, дұрыс пайдалану және қауіпсіздік техникасы жөнінде ақпарат бар.

# Техникалық сипаттамалары


| | |
|---|---|
| Түкшесіз қозғалтқыш (максималды қуат) | 300 Вт |
| Түкшесіз қозғалтқыш (номиналды қуат) | 180 Вт |
| Литий-ионды батарея | 117 Вт*сағ (29,4 В, 4 А*сағ) |
| Желілік зарядтау құрылғысы (100-240VAC) | 29.4 В/1.0 А |
| Аккумуляторды зарядтау уақыты | ~4 сағат |
| Жылдамдық | 20 км/сағ дейін |
| Бір рет зарядтаумен максималды қашықтық | 18 км дейін* |
| Беттің еңіс бұрышы | <15° |
| Максималды жүктеме | <100 кг |
| Пайдаланушының рұқсат етілген бойы | 130-200 см |
| Алдыңғы доңғалақ | 6", жұмсақ құйма шиналары |
| Артқы доңғалақ | 5", жұмсақ құйма шиналары |
| Тежегіш | электрлік және механикалық |
| Жиектеме материалы | алюминий |
| Ылғалдан қорғау дәрежесі | IPX4** |
| Түстер | Қара, сұр, ақ |
| Пайдалану температурасы | 0°C...+40°C |
| Сақтау температурасы | -10°C...+50°C |


# Электросамокаттың құрылмасы




* Жүріп өткен жолы жүргізу стиліне, жер бедеріне, жүктеме мен ауа райына байланысты болады


** IPX4 - суға батырмаңыз, ағынды сумен жумаңыз, жаңбырдың астында пайдаланбаңыз


Дисплей
Акселератор иінтірегі
Тежегіш иінтірегі


Бекіту иінтірегі
Мотор-доңғалақ

# Борт компьютерінің дисплейі және басқару панелі

Көлік құралын пайдалану алдында, өтінеміз, борт компьютерінің дисплей жұмысы мен электросамокат жұмыс режимдері туралы ақпаратпен танысыңыз.




Жұмыс істеу режимдері: соңғы пайдалану сеансы ішінде жүрген жолы, одометрі, жолдағы жүрген уақыты, АКБ кернеуі

Спидометр самокаттың ағымдағы жылдамдығын көрсетеді;

Берілістің көтерілу мен төмендеу батырмалары максималды жылдамдықты ауыстыруға мүмкіндік береді;

Режим таңдау батырмасы дисплейде көрсетілетін ақпаратты таңдауға мүмкіндік береді:

- DIS - соңғы пайдалану сеансы ішінде жүрген жолын көрсетеді;

- ODO - одометр құрылғының бүкіл жұмыс істеу уақыты ішінде самокаттың жүрген жолын көрсетеді;

- TIME- жолдағы уақыт;

- VOL - АКБ кернеуі.



Зарядтау порты құрғақ және таза болғанына көз жеткізбегенше электросамокатты іске қоспаңыз.

# Жүргізуге дайындық

Электросамокатты қораптан ақырын шығарыңыз.

Бекіту иінтірегін басыңыз және электросамокатты ашып жайыңыз. Электросамокатты, шертпек естілгенше, ашып жайыңыз.

Көлік құралын пайдалану алдында аккумуляторлық батарея толық зарядталғанына көз жеткізіңіз. Зарядтау үшін зарядтау құрылғысын электросамокаттың тиісті жалғағышына қосыңыз, ал зарядтау құрылғысын 220В розеткісіне қосыңыз. Зарядтау құрылғысын заряды таусылған АКБ қосқан кезде жарықдиод қызыл түспен жанады. Ол зарядталған кезде ол жасыл түспен жанатын болады. Аккумуляторды зарядтау уақыты батареяның қалған зарядына байланысты болады, аккумуляторлық батареяны зарядтауда 24 сағаттан артық ұстамаңыз және аккумуляторлық батареяның заряды толық аяқталмағанын байқаңыз. Жаяу жүргіншілердің аймағынан алыстау болатын тегіс құрғақ беттік қабатты табыңыз. HIPER электросамокаты гибридті самокат болып табылады, оны сіз екі режимде пайдалана аласыз: кәдімгі мініп жүру режимі және электр жетегінің режимі. Бірінші түрі үшін кәдімгі мініп жүру режимін пайдаланыңыз, онда мотор сөндірулі күйінде болады. Өзіңізді сенімді етіп сезінгенше осы режиммен жүруді қолданыңыз. Кез келген уақытта сіз электр моторын іске қосу жолымен электр жетегі режиміне ауыса аласыз.

Ол үшін келесіні орындаңыз:

1. Рөл тұтқаларын екі қолыңызбен алып ұстаңыз.

2. Басқышты жинаңыз.

3. Электросамокаттың тұғырнамасына бір аяғыңызды қойып тұрыңыз, бұл арада екінші аяғыңыз жерде қалуы тиіс. Жүруді бастау үшін айнала қарап байқаңыз және кедергілердің болмауына көз жеткізіңіз. Электросамокаттың бастапқы жылдамдығын беру үшін аяғыңызбен жерді итеріп жіберіңіз. Бастапқы екпіндеуден кейін акселератор иінтірегін басып, сізге электросамокатты үдеуге болады.

4. Екінші аяғыңызды электросамокат тұғырнамасына қойыңыз.

5. Табандарды бірінен соң бірін орнатып, тұғырнамаға екі аяқпен тұрыңыз.

6. Жүру кезінде тепе-теңдікті сақтаңыз және жүру барысы бойынша тура қараңыз.

7. Жүру жылдамдығын ұлғайту/ азайту үшін берілісті арттыру/ азайту батырмасын басыңыз.

8. Жүру кезінде тежеу үшін тежеу иінтірегін электросамокат қажет болған жылдамдыққа дейін баяулағанша

немесе тоқтағанша басу керек. Әрекет ету үшін тежеу жүйесіне 0.3 секунд қажет болады.

***Ескертпе: Ыңғайлы жүру үшін өндіруші осы үлгіні асфальт салынған тегіс беттік қабат бойынша пайдалануды ұсынады.***

***Жүріп өткен жолының шамасына әсер етеді: жалпы салмақ және жол жабынының түрі, жергілікті жер бедері, жүру бағытына қатысты желдің жылдамдығы мен бағыты, ауа температурасы, батарея ресурсы, жүргізу әдеті және басқасы.***

# Электросамокатқа қызмет көрсету

## Сақтау және күтім жасау

Көлік құралынан дақтарды кетіру үшін сырт бетін жұмсақ дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Тұрақты кірді кетіру үшін кірлеген жерді тазартқыш құралы бар жұмсақ матамен сүртіп алуыңызға болады. Кейін дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Бұйымның беттік қабаттарын спиртпен, керосинмен және басқа да коррозиялық және ұшқыш химиялық еріткіштермен өңдеп сүртпеңіз. Олар бұйымның сыртқы көрінісі мен ішкі құрылымын өзгертуі мүмкін. Су пистолеті арқылы қысыммен ағынды сумен жууды пайдалану тыйым салынады. Электросамокатты тазалауды бастар алдында қуаттауды сөндіріңіз, зарядтау кәбілін ажыратыңыз және электр тоғымен зақымдауды, сондай-ақ су түсу себебінен көлік құралының өлеулі ақаулықтарын болдырмау үшін зарядтау жалғағышын резеңке бітеуішімен бітеңіз. Самокатты құрғақ және салқын орынжайда сақтаңыз, оны орынжайдан тыс жерде ұзақ уақыт қалдырмауға тырысыңыз. Қоршаған ортаның, сондай-ақ күн көзінің / артық қызу / салқындау әсері корпустың және доңғалақтардың тозуын жылдамдатып, аккумуляторлардың пайдалану мерзімін қысқартуы мүмкін.

## Қауіпсіздік ережелері

Электросамокатты басқару уақытында сіз құрылғының бақылауын жоғалту, соғысу немесе құлау себебінен жарақат алуыңыз мүмкін. Қауіпсіз басқару үшін, өтінеміз, осы нұсқаулықта келтірілген барлық нұсқаулықтар мен ұсынымдарды оқып шығыңыз.

— Электросамокатпен жалпы пайдалану жолдарында, сондай-ақ қоғамдық жерлерде жоғары жылдамдықпен жүруге тыйым салынады. Электросамокат тротуарлар мен жаяу жүру жолдары бойынша 5-7 км/сағ аспайтын жылдамдықпен жүруге арналған. Пайдаланған сайын электросамокатты пайдалану елінде/жерінде қолданыстағы жүру ережелеріне міндетті түрде көз жеткізіңіз.

— Осы нұсқаулықта көрсетілген жүктеменің барынша рұқсат етілген салмағынан артық болатын жүктемесі бар электросамокатты пайдалануға тыйым салынған.

— Жолаушыларды, соның ішінде балаларды тасымалдауға тыйым салынған.

— Электросамокатты аяқ киімсіз немесе ашық аяқ киіммен пайдалануға тыйым салынады.

— Электросамокатты тәуліктің түнгі уақытында пайдалануға тыйым салынады.

— Электросамокаттың техникалық түйіндерін түрлендіруге тыйым салынады.

— Электросамокатты алкоголь немесе есірткі күйінде басқаруға тыйым салынады.

— Электросамокатты басқарған кезде доңғалақтан ілініп қалуы мүмкін киімді кимеңіз.

— Электросамокатты пайдалану кезінде қорғаныс жабдығын киіңіз: дулыға, шынтаққап, тізеқап, қолғап, білек қорғанысы.

— Электросамокатты жаңбырлы ауа райы кезінде немесе сулы жабынды үстінде пайдаланбаңыз. Электросамокат су мен ылғалдың әсерінен қорғанысқа ие болатындығына қарамастан электросамокат суға батырған кезде немесе бұйым нөсер жауынға кездескен жағдайда толық қорғалған болып табылмайды. Ылғал, төмен температуралар мен артық қызу аккумуляторлық батарея күйіне теріс әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар ылғалды беттік қабатта жол жабынымен ілінісу азайтылуы мүмкін;

— Электросамокат трюк жасауға, секіру немесе экстремалды жүргізуге арналмаған.

— Пайдаланған сайын тежеу жүйесінің, рөл бағанасының жарамдылығына, сондай-ақ барлық қосушы түйіндер мен элементтер бұрып тартылғанына және зақымданбағынана көз жеткізіңіз.

— Балалар тек ата-аналардың байқауымен ғана жүруі тиіс.

— Көше қиылыстары мен жүрісі қарқынды жолдарда ерекше сақ болыңыз.

— Тегіс болмайтын жол жабындарына, жол шұқанақтарына, шұңқырларына және басқа кедергілерге жақындамаңыз.

— Қолданбаған кезеңде оның кездейсоқ іске қосылуына болдырмау үшін электросамокатты үнемі толығымен сөндіріңіз.

— Электросамокаттың жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштың айналмалы доңғалақтарына қол тигізбеңіз.

— Құлама беткейлерді басқаруды болдырмаңыз, екі доңғалақтың жермен үзіліссіз жанасуы тиіс.

— Шұғыл тоқтатуға үнемі дайын болыңыз.

— Жаяу жүргіншілерді құрметтеңіз, жүрген кезде оң жақтан ұстанып жүріңіз;

— Жаяу жүргіншіге артынан жақындаған кезде өз жақындауыңыз туралы хабарлаңыз және жылдамдықты жаяу жүргіншінің жылдамдығына дейін азайтыңыз. Мүмкіндігі болғанда, жаяу жүргіншіні сол жағынан айналып өтіңіз. Жаяу жүргіншіге алдынан жақындаған кезде оң жағынан қалыңыз және жылдамдықты азайтыңыз.

— Жаяу жүргіншілер көбейген кезде жылдамдықты азайтыңыз, араларында жеткілікті бос қашықтық болғанына және маневр қауіпсіздігіне көз жеткізген кезде ғана жаяу жүргіншілерді айналып өтіңіз.

— Жолды арналған жерлерде ғана өтіңіз.

— Қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар оқылғанына көз жеткізгенше, бөгде адамдарға сіздің электросамокатыңызды пайдалануға мүмкіндік бермеңіз.

— Бұрылыстарды ұқыпты түрде және төмен жылдамдықпен орындаңыз.

— Жүрген кезде электросамокаттан түспеңіз.

# Батареяны қауіпсіз пайдалану

Аккумуляторды пайдаланудың белгіленген нормалары мен ережелерін орындамау батареяны зақымдап, оның қолдану мерзімін қысқартуы мүмкін, сонымен қатар бұл тоқ соғуына, жарақатқа, тұтануға немесе өртке, құрылғының зақымдануына және нәтижесінде құрылғының кепілдігінен айырылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

— Аккумуляторларды қоршаған ортаның температурасы 10°C бастап 25°C дейін кезінде сақтаңыз;

— Аккумуляторлар өз қасиеттерін жоғалту тәуекелі, артық қызу мен өрт туындау себебінен аккумуляторларды отқа лақтыруға тыйым салынады;

— Құрылғыны ылғалды жерлерде сақтамаңыз. Құрылғы құрғақ жылытылатын орынжайларда тиісті температура қолданылған және салыстырмалы ылғалдылық 70% аспаған кезде сақталуы тиіс;

— Батареяны мезгілінде зарядтаңыз, себебі заряды толық таусылғаны батареяның зақымдануына әкеп соқтыруы мүмкін және осындай залал жойылмайтын болады. Ұзақ уақыт зарядтаусыз қалдырылған батарея зарядталмайды және осындай жағдай кепілдік жағдайы болып табылмайды. Аккумуляторды оның пайдалануына қарамастан 2 айда кемінде 1 рет зарядтау керек.

Самокатты сақтау алдында батарея толығымен таусылғанына көз жеткізіңіз.

— Егер батарея қаптамасы бұзылған болса немесе батареядан ерекше иісі, түтін шығатын болса, егер батарея артық қызған немесе одан сұйықтық ағатын болса, батареяны пайдаланбаңыз. Батареядан ағып кететін кез келген сұйықтықпен жанасуына жол бермеңіз.

— Құрылғыны балалардың қолдары және үй жануарлары тимейтін жерде ұстаңыз.

— Батареяға келтіретін әсер қайтымсыз салдарға және жарақаттарға әкеп соқтыруы мүмкін.

— Құрылғыны өзіңіз бөлшектемеңіз, бұл тоқ соғуына немесе құрылғының зақымдануына әкеп соқтыруы мүмкін.

— Батареяны ашып талпынбаңыз, себебі оның ішінде улағыш субстанциялар болуы мүмкін.

— Батарея ішіне қандай болса да зат қойып немесе батарея корпусын зақымдау үшін қандай болса да затты пайдаланып талпынбаңыз.

— Жиынтықта жеткізілетін зарядтау құрылғысын ғана пайдаланыңыз.

— Батареяны зарядтау алдында зарядтау құрылғысының жалғағышы құрғақ және таза күйінде болғанына көз жеткізіңіз.

— Құрылғының батареясын суға батырмаңыз. Егер батарея су болды деп күдіктенетін болсаңыз, батареяны алып шығаруға талпынбаңыз және құрылғыны қуаттау көзіне қоспаңыз.

— Батареяны оңай тұтанатын материалдардың жанында зарядтамаңыз.

# МАҢЫЗДЫ!

Егер зарядтау құрылғысын электросамокатқа қосқанда 30 секунд бойы зарядтау басталмаса, құрылғы зарядтауды тоқтатып, сервис орталығына жүгіну керек.

---



Құрылғы батареясының құрамында қауіпті заттектер болуы мүмкін, осы себептен батареяларды әуе көлігі арқылы немесе басқа да тәсілмен тасымалдауға заңмен тыйым салынуы мүмкін.

# КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. *Төменде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бұйымды сатып алу кепілдігі оның тегін кепілдікті жөндеуін, немесе кепілдікті мерзім ішінде (бұйымға сатып алған күннен бастап 12 күнтізбелік ай, бұйымның аккумуляторына сатып алған күннен бастап 6 ай) жөндеу мүмкіндігі болмаған жағдайда ұқсас бұйымға ауыстыруды білдіреді.

1.2. Бұйымды сатып алған кезде Сатып алушы көзге көрінетін ақаулар: сызаттар, жарықтар, кетіктер, ескірген жерлердің болмауын - сондай-ақ бұйымның жиынтықтамасы мен жұмысқа қабілеттілігін тексеруге міндетті.

2. БҰЙЫМДЫ КЕПІЛДІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ ҚАБЫЛДАУ ШАРТТАРЫ

2.1. Бұйым кепілдікті қызмет көрсетуге (белгіленген нысандағы) толтырылған нысандандырылған ілеспе парағы негізінде қабылданады, онда бұйымның атауы, артикулы және сол туралы басқа да ақпарат және оның болжамды ақаулығы көрсетіледі. Ілеспе парағы толтырылады және Сатып алушы оған қол қояды. Кепілдікті жөндеуге қабылданған бұйым үшін сатып алушыға сериялық нөмірі мен оны берген күні бар (белгіленген нысандағы) тапсырыс бланкі беріледі.

2.2. Кепілдікті қызмет көрсетуге тапсырылатын бұйым толық жиынтықталған және таза күйінде болуы тиіс.

3. КЕПІЛДІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ

3.1. Кепілдікті қызмет көрсету Сатып алушы мәлімдеген ақаулықты тестілеу (тексеру) жолымен жүзеге асырылады және ақаулық расталған кезде тегін кепілдікті жөндеу (қызмет көрсету) жүргізіледі.

3.2. Сатып алушы бұйымды тегін кепілдікті жөндеу аяқталған күнінен бастап 14 күнтізбелік күннен кешіктірмей іліспе парағында көрсетілген мекенжайы бойынша алып кетуге міндетті. Сатып алушы бұйымды көрсетілген мерзімде алып кетпеген жағдайда бұйымды қоймада сақтау жөнінде қызметтерді төлеу ақысы әрбір сақтаған күні үшін бұйым құнынан 5% мөлшерінде есептеледі. Бұйымды сақтау құны бұйымның өз құнынан өсіп кеткен кезде осындай бұйым сақтау қызметтерін төлеу ақысына есептеледі де сатып алушыға қайтаруға жатпайды.

3.3. Тегін кепілдікті жөндеуден кейін бұйымды беру дәл сол күйінде және қабылданған жиынтықтамасында жүргізіледі.

3.4. Бұйымды кепілдік бойынша жөндеуге тапсырған кезде Сатып алушыға берілген тапсырыс бланкі тегін кепілдікті жөндеуден кейін бұйымды қабылдауға арналған негіздеме болады.

*4. КЕПІЛДІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕН БАС ТАРТУ НЕГІЗДЕМЕЛЕРІ

4.1. Кепілдікті қызмет көрсетуге жатпайды:

4.1.1. Кепілдік талоны толтырылмаған, дұрыс толтырылмаған немесе кепілдік талоны болмаған бұйымды ұсынған.

4.1.2. Кепілдік мерзімі (бұйым үшін сатып алған күннен бастап 12 күнтізбелік ай, бұйымның аккумуляторы үшін сатып алған күннен бастап 6 ай) аяқталғаннан кейін сапаға тексеріс жүргізу үшін ұсынылған бұйым.

4.1.3. Тиссіз тасымалдау, сақтау және пайдалану**, соның ішінде түпнұсқалы болмайтын зарядтау құрылғысын пайдалану жағдайларынан туындаған зақымданулары болатын бұйым.

4.1.4. Бөгде заттардың, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің әсер ету және (немесе) ішіне түскен іздері бар, сондай-ақ бөгде жазбалары бар бұйым.

4.1.5. Ашқан іздері және (немесе) өздігінен және (немесе) авторизацияланбаған сервис орталығымен жүргізілген жөндеу іздері болатын бұйым.

4.1.6. Шығыс материалдары (қалыптар, қақпақтар және т.б.) кепілдікті жөндеу мен қызмет көрсетуге жатпайды.

4.1.7. Коммерциялық мақсатта пайдаланатын құрылғы немесе оның құрамдас бөлшектері кепілдікті жөндеуге және қызмет көрсетуге жатпайды.

4.1.8. Пайдалану ережелерін бұзып қолданылатын бұйым: бір мезгілде бір адамнан артық пайдалану, секіру немесе беттік қабаттан үзілу мен соғылу элементтері болатын басқа да маневрлер үшін пайдалану, пайдаланушы бұйымның айрықшаламасында көрсетілген минималды және максималды шектеулерге сәйкес келуі тиіс.

4.1.9. Мотор, аккумулятор және тұтас бұйым істен шығуы немесе жүктемелерді (пайдаланушының салмағы) асып кеткен, жоғары ылғалдылық жағдайларында пайдаланған және сақтаған, сондай-ақ беттік қабатқа соғылған себебінен, беттік қабаттың тегіссіздіктері (тастар, тақта жіктері, шұңқырлар және т.б.) болғаннан тез тозу іздері болуы мүмкін. Сервис орталығында осындай мәселелердің анықталу салдарынан бұйым кепілдіктен алынуы мүмкін.

4.1.10. Бұйым аккумуляторы тіпті сақтау жағдайларында да қосымша зарядтауды талап етеді, аккумулятордың зарядтау деңгейін байқаңыз, сақтауды бастар алдында бұйымның аккумуляторын 100% дейін зарядтаңыз және осы үдерісті 2 айда кемінде 1 рет қайталаңыз. Егер аккумуляторды сақтау ережелерін бұзу себебі ретінде диагностикалау нәтижесінде терең разряд анықталса, сервис орталығы тегін кепілдікті қызмет көрсетуден бас тартуы мүмкін.

4.1.11. Егер ылғалдың, жоғары немесе төмен температураның әсерінен, тоттанудан, тотығудан, бұйым ішіне бөгде заттардың, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен туындаған зақымданулар табылған жағдайда.

5. Егер бұл бұйымды пайдалану мен орнату ережелері мен шарттарын сақтамау; сатып алушының (тұтынушының) немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде орын алған жағдайда, «HIPER Technology Ltd» компаниясы өзін HIPER өнімінің адамдарға, үй жануарларына, мүлікке тікелей немесе жанама түрінде келтірілген ықтимал зиян үшін жауапкершіліктен босатады. Осыған қоса, деректерді және ақпаратты өзгерту немесе бұлдіру, жоғалту нәтижесінде тиісті тағайындалуындағы HIPER бұйымдарымен тікелей немесе жанама түрде келтірілген ықтимал зиян үшін жауапкершілікті «HIPER Technology Ltd» компаниясы көтермейді.

** Бұйымды штаттан тыс режимінде пайдалану, бөгде жағдайлардың әрекеттері (электр қуаттау кернеуінің кенет өзгеруі, төтенше жағдайлар немесе өндірушімен көзделмеген жағдайларда пайдалану, ашу және/немесе жөндеу, сондай-ақ қолданыстағы механикалық және жылу зақымданулары).

ЕАЭО сәйкестілігі туралы декларация N RU Д-НК.АН03.В.18708/19, 21.11.2020 қоса қолдану мерзімі. Тауар КО ТР 020/2011 талаптарына сәйкес келеді

Өндіруші:
ШЭНЬЧЖЭНЬ ХАЙПЕР ТЕХНОЛОДЖИ ЛИМИТЕД

Мекенжайы: Қытай, Шэньчжэнь, Баоань дистрикт, Шиянь стрит, Ляокэн вилладж, 4-ші Миньшэн роуд №6, 3-ші және 5-ші қабат

Өндіруші және оның мекенжайы:
«ХАЙПЕР Технолоджи Лимитед» 3905 Ту Эксчендж скуэр, 8 Конноут плэйс, Гонконг, Қытай. Өндіріс елі: Қытай

Наразылықтарды қабылдайтын ұйым және оның мекенжайы:
«ХАЙПЕР РИТЕЙЛ» ЖШҚ, 121170, Мәскеу қ., Неверовский көш., 9-үй, 6-кеңсе, тел: 8 (800) 222-40-93

ЕАС сәйкестілік белгісі құрылғыда, қорапта және пайдаланушының нұсқаулығында болады

Өнімнің мұндай таңбаламасы бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін оны басқа тұрмыс қалдықтарымен бірге көдеге жаратуға болмайтынын білдіреді.

Өнімнің мұндай таңбаламасы қаптамада және құрылғыда пайдаланылған материалдарды қайта өңдеу мүмкіндігін көрсетеді.

© 2020 HIPER Technology Ltd. Барлық құқықтар қорғалған.
Барлық сауда маркалары сауда иелерінің меншігі болып табылады.
Кез келген сипаттамалары алдын ала хабарлаусыз өзгертілуі мүмкін.

# Кепілдік талоны

Үлгісі:_____

Сериялық нөмірі:_____

Сатып алу күні мен орны:_____

_____

_____

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

САТУШЫНЫҢ МӨРІ БОЛМАҒАН КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ.

Дүкеннің/ сатушының мөртабаны:

Сатушының қолы_____

Сатып алушының қолы_____

Жарамды құрылғыны алуды растаймын, кепілдік шарттарымен таныстым

Кінәрат-талаптарды қабылдайтын ұйым және оның мекенжайы:
«ХАЙПЕР РИТЕЙЛ» ЖШҚ, 121170, Мәскеу қ., Неверовский көш., 9-үй, 6-кеңсе, тел: 8 (800) 222-40-93

Сервис орталықтарының тізімін мына сайттан қараңыз: https://hiper-power.com/sluzhba-remonta/

Сервис орталығына жүгінген кезде электросамокаттың сериялық нөмірі қолыңызда болсын. Сіз сериялық нөмірін қаптамадан немесе электросамокаттан таба аласыз. Өндірілген күні сериялық нөмірде шифрланған: бесінші, алтыншы цифр - жылы; жетінші, сегізінші - айы. Сатып алған күнін растайтын құжат (күні, сериялық нөмірі және сатушы компаниясының мөрі бар толтырылған кепілдік талоны) болмаған жағдайда кепілдік мерзімі өндірілген күннен бастап есептеледі. Бұйымның кепілдік мерзімі 1 жыл. Қолдану мерзімі 2 жыл. Аккумулятордың қолдану мерзімі 6 ай.

Кепілдік шығын материалдарына: тежегіш қалыптары, доңғалақ тыстары, доңғалақтардың үрлемелі элементтері, бұйымға күтім жасау материалдары мен сұйықтықтары және т.б. қолданылмайды.